

XIX ғасыр рухани дағдарысы және Дулат Бабатайұлы дүниетанымындағы заман мен тағдыр мәселесі

ЖАРИЯЛАНДЫ 15.02.2026	ТІРЕК СӨЗДЕР Dulat Babatayuly, fate, nineteenth century, poetic heritage, spiritual crisis, time, XIX век, время, Дулат Бабатайұлы, Дулат Бабатайұлы, духовный кризис, заман, поэтическое наследие, рухани күйзеліс, судьба, тағдыр, тарихи сана, XIX ғасыр	СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/187223/
---------------------------------	---	---

Мамедова Минавар Валеханқызы

Алтынбекова Айзере Рысовна

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

Филология факультеті

6B01701 – «Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы

Жетекші: **Бабашов Азат Мақсұтбекұлы**

Филология ғылымдарының кандидаты

АННОТАЦИЯ

Мақалада XIX ғасырдағы қазақ қоғамының тарихи және рухани трансформациясы Дулат Бабатайұлы поэзиясы негізінде қарастырылады. Отарлық басқару жүйесінің енгізілуі дәстүрлі әлеуметтік құрылымның ыдырауына, әділет ұғымының әлсіреуіне және халықтың рухани күйзелісіне әкелгені көрсетіледі. Ақын шығармаларындағы заман мен тағдыр категориялары әлеуметтік-философиялық тұрғыда талданып, жеке адам тағдырының ұлттық болмыспен тұтастығы ашылады. Зерттеу нәтижесінде Дулат Бабатайұлы поэзиясы XIX ғасырдағы қазақ халқының рухани ахуалын бейнелейтін дербес әрі маңызды көркем-танымдық мұра ретінде бағаланады.

Түйін сөздер: XIX ғасыр, рухани күйзеліс, Дулат Бабатайұлы, тарихи сана, заман, тағдыр.

АННОТАЦИЯ

В статье анализируются социально-духовные изменения казахского общества XIX века через призму поэтического наследия Дулата Бабатайулы. Показано, что внедрение колониальной административной системы привело к разрушению традиционных ценностей, усилению социальной дифференциации и кризису общественного сознания. Особое внимание уделяется осмыслению категорий времени и судьбы, которые в поэзии автора приобретают философское и национальное содержание. Делается вывод о том, что творчество Дулата Бабатайулы представляет собой самостоятельный художественно-исторический феномен, отражающий духовные поиски эпохи.

Ключевые слова: XIX век, духовный кризис, Дулат Бабатайулы, поэтическое наследие, время, судьба.

Abstract

This article explores the socio-spiritual transformations of nineteenth-century Kazakh society through the poetic legacy of Dulat Babatayuly. The study demonstrates that the introduction of colonial administrative policies resulted in the erosion of traditional values, growing social stratification, and a crisis of collective consciousness. Particular attention is paid to the concepts of time and fate, which in the poet's works acquire deep philosophical and national significance. The article concludes that Dulat Babatayuly's poetry constitutes an independent literary and historical phenomenon that reflects the spiritual struggles and worldview of the era.

Keywords: nineteenth century, spiritual crisis, Dulat Babatayuly, poetic heritage, time, fate.

XIX ғасыр қазақ қоғамы үшін күрделі кезең болды. Дәстүрлі хандық билік құлап, патша үкіметінің отарлық саясаты енгізілген соң, халықтың рухани өмірі де ауыр күйге түсті. Бұл кезеңде қазақтың дәстүрлі құндылықтары, өмір салты мен діндік қағидалары күрделі сынға ұшырады. Рухани дағдарыстың негізгі белгілері:

1. Әлеуметтік теңсіздіктің күшеюі. Жерлерді тартып алу, салық жүйесінің әділетсіздігі, қарапайым халыққа ауыртпалық түсіру – бәрі қоғамда наразылықты күшейтті.
2. Ұлттық дәстүрдің әлсіреуі. Халықтың салт-дәстүрі мен мәдени мұрасы біртіндеп құлдырап, жаңа билік идеологиясының ықпалында қалды.
3. Адалдық пен әділетке деген сенімнің жоғалуы. Болыс-билердің парақорлығы, мансапқорлық, халық мүддесін елемей ел ішінде моральдық дағдарыс туғызды.

Бұл дағдарыс Дулат Бабатайұлы сияқты ақындардың шығармашылығына тікелей әсер етті. Ақын тек әлеуметтік құбылыстарды суреттемей, сонымен бірге олардың философиялық, рухани мәнін де ашып көрсетті.

Дулат Бабатайұлының шығармашылығында заман мен тағдыр мәселесі ерекше орын алады. Ақын үшін заман – тек уақыт бірлігі емес, халық өміріндегі әлеуметтік және рухани процестердің көрінісі. Оның поэзиясында:

Заманның бұзылуы халық тағдырына тікелей әсер етеді. Ақын елдіктің әлсіреуі, әділетсіз билік пен әлеуметтік теңсіздік сияқты құбылыстарды өткір сынға алады.

Тағдыр мәселесі философиялық тұрғыдан көрінеді. Дулат адам тағдырын тек жеке жағдайлармен емес, бүкіл халық тағдырымен байланыстыра қарастырды. Ақынның ойынша, халық тағдыры мен жеке адамның тағдыры өзара тығыз байланыста.

Үміт пен сыншылық теңгерімі. Дулат поэзиясында тек қайғы мен зар ғана емес, халыққа сенім, әділдікке үміт те көрінеді. Бұл оның философиялық көзқарасының негізгі ерекшелігі.

Дулат шығармашылығы XIX ғасырдағы рухани дағдарысты ашып қана қоймай, оның шешімін іздейтін ой-пікірлерге толы. Ақын заманның әділетсіздігін айыптап, халықтың рухани құндылықтарын сақтаудың маңызын дәріптеді.

XIX ғасыр – қазақ халқының тарихи дамуындағы ең күрделі де қайшылықты кезеңдердің бірі. Бұл дәуірде қазақ даласы Ресей империясының толық отарлық басқаруына көшіп, дәстүрлі саяси құрылым, әлеуметтік жүйе және рухани құндылықтар түбегейлі өзгеріске ұшырады. Ел билеу жүйесінің күйреуі, жердің тарылуы, халықтың әлеуметтік жағдайының төмендеуі қазақ қоғамында терең рухани дағдарыс тудырды. Осындай тарихи жағдайда халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған ақындар тобы қалыптасты. Олар әдебиеттануда «Зар заман ақындары» деген атаумен белгілі.

Солардың ішіндегі ең ірі, ең шынайы тұлғалардың бірі – Дулат Бабатайұлы. Ақын шығармалары XIX ғасырдағы қазақ қоғамының шынайы көркем шежіресі болып табылады. Оның поэзиясы – заманның ащы шындығын, халықтың трагедиялық тағдырын, ұлттық рухтың күйзелісін терең бейнелеген құнды рухани мұра.

Бұл мақалада Дулат Бабатайұлы поэзиясындағы заман мен тағдыр мәселесі, ақынның қоғамдық көзқарасы, азаматтық позициясы мен көркемдік ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады.

Дулат Бабатайұлы 1802 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан өңірінде дүниеге келген. Ол қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздікті, отаршылдық езгіні өз көзімен көріп, сол кезеңнің барлық ауыртпалығын бастан кешірген ақын. Дулат өмір сүрген дәуірде хандық билік жойылып, оның орнына патша үкіметі тағайындаған болыстар мен билер билікке келді. Бұл басқару жүйесі халықтың мүддесіне емес, отарлық саясатқа қызмет етті.

Ақын сол заманның куәсі ғана емес, оның белсенді сыншысы болды. Ол қоғамдағы

әділетсіздікке, парақорлыққа, мансапқорлыққа, ел ішіндегі алауыздыққа қарсы шықты. Дулаттың көзқарасы қалыптасуына халық ауыз әдебиеті, жыраулар поэзиясы, әсіресе Бұқар жырау, Ақтамберді, Шал ақын дәстүрі үлкен әсер етті. Сонымен бірге ол жазба поэзияның дамуына жол ашқан ақындардың бірі болды.

Зар заман поэзиясы – қазақ халқының отарлық езгіге түскен кезеңдегі рухани күйін бейнелейтін әдеби бағыт. Бұл поэзияда елдің еркіндігі, жер тағдыры, халықтың азаттығы басты тақырыпқа айналды. Зар заман ақындары заманның бұзылғанын, ел билігінің әлсірегенін, адамгершілік құндылықтардың құлдырағанын күйзеле жырлады.

Дулат Бабатайұлы осы бағыттың көрнекті өкілі ретінде заманның шындығын жасырмай айтты. Оның поэзиясында мұң мен зар ғана емес, ашу мен наразылық, азаматтық айыптау да айқын көрінеді. Ақын тек жылап-сықтаумен шектелмей, қоғамның нақты кемшіліктерін дәл көрсете білді.

Дулат Бабатайұлы шығармаларындағы негізгі тақырып – заманның бұзылуы. Ақын өз дәуірін «тар заман», «қайырсыз заман» деп сипаттайды. Бұл – жай ғана поэтикалық бейнелеу емес, тарихи шындықтың көрінісі. Заманның бұзылуы ең алдымен ел басқару жүйесінің өзгеруімен, халық мүддесінің аяққа тапталуымен байланысты болды.

Ақын патша үкіметінің отаршылдық саясатын ашық сынағанда да, оның зардаптарын терең суреттейді. Ол ел ішіндегі болыс-билердің парақорлығын, әділетсіздігін, қарапайым халыққа жасаған зорлығын әшкерелейді. Бұл арқылы Дулат заманның азғындауына себепкер болған әлеуметтік күштерді нақты көрсетеді.

Дулат поэзиясында болыс, би, старшын бейнелері өткір сынға алынады. Ақын оларды халықты тонаған, өз пайдасын ғана ойлаған топ ретінде суреттейді. Ел басқарған адамдардың әділеттен тайып, мансап пен байлықтың құлына айналуы – ақынның басты күйініші.

Бұл әлеуметтік сын Дулат поэзиясын саяси-әлеуметтік мәні жоғары шығармалар қатарына қосады. Ақын халықты оятуды, елдің санасын серпілтуді мақсат тұтады. Оның өлеңдеріндегі өткір тіл, ашық айыптау – ақынның азаматтық батылдығын көрсетеді.

Дулат Бабатайұлы поэзиясында жер мәселесі ерекше орын алады. Ақын үшін жер – халықтың тірегі, елдіктің негізі. Оның туған жерге арналған өлеңдерінде Сарыарқа, Ақжайлау сияқты мекендер ерекше сағынышпен, қасіретпен суреттеледі.

Жерден айырылу – халықтың болашағынан айырылу деп түсінген ақын бұл мәселені ұлттық трагедия деңгейінде көтереді. Бұл тұрғыда Дулат поэзиясы қазақ халқының тарихи жадын сақтаушы рухани құжат ретінде бағаланады.

Дулат шығармаларында адам тағдыры мен халық тағдыры бір-бірімен тығыз байланысты. Ақын жеке адамның қайғысын жалпы халықтық қасіретпен ұштастыра

суреттейді. Ол тағдырды сыртқы күштердің ғана әсері емес, ел ішіндегі рухани әлсіздіктің де салдары ретінде көрсетеді.

Сонымен қатар ақын шығармаларында үміт сәулесі де байқалады. Ол халықтың мүлде жоғалып кететініне сенбейді. Елді түзейтін күш – саналы ұрпақ, әділ басшы, бірлік деп біледі. Бұл – Дулат дүниетанымындағы философиялық тереңдік пен тарихи оптимизмнің белгісі.

Дулат Бабатайұлы: ұлт тағдырын жырлаған ақын. Елордада Дулат Бабатайұлының 220 жылдығына арналған «Поэзиядағы Дулат Бабатайұлы дәстүрі және ұлттық тұтастық идеясы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ұйымдастырылған алқалы жиынға мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі ғалымдар мен әдебиеттанушылар қатысты. Конференция барысында Еуразия ұлттық университетінің жанындағы Түркология кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Шәкір Ыбыраев «Дулат Бабатайұлының қазақ әдебиет тарихындағы орны» тақырыбында баяндама жасады. Ғалым өз сөзінде ақын мұрасын жаңаша көзқарас тұрғысынан қарастырудың маңыздылығына тоқталды.

Шәкір Ыбыраевтың айтуынша, кеңестік дәуірде Дулат Бабатайұлына «керітартпа», «ескішіл», «қайшылықты ақын» деген біржақты баға берілді. Мұның басты себебі – ақын шығармаларындағы отаршылдыққа қарсы рух еді. Патшалы Ресейдің қазақ жерін толық отарлауға бағытталған саясатына қарсы айтылған ойлар сол кезеңнің идеологиясына сәйкес келмеді.

Ғалымның пікірінше, әдеби мұраны зерттегенде оны белгілі бір идеологиялық шеңберге байлап қоюға болмайды. Кеңес заманында шығармалар «таптық», «партиялық» ұстаным тұрғысынан қарастырылды. Ал бүгінгі көзқарас бойынша тарихи тұлғаны өз дәуірінің шындығымен, сол кезеңнің қоғамдық ахуалымен байланыстыра бағалау қажет.

Дулат Бабатайұлы 1802 жылы дүниеге келді. Бұл – Ресей империясының отарлау саясаты күшейген кезең. 1822 жылы хандық биліктің жойылуы қазақ мемлекеттілігінің әлсіреуіне әкелді. Ел басқару жүйесіне өзгерістер енгізіліп, қазақ даласы толықтай империялық басқаруға көшті.

Осындай жағдайда өмір сүрген ақын халықтың еркіндігінен айырылып, ұлттық бірліктің әлсірегенін жан-тәнімен сезінді. Оның өлеңдерінде елдің береке-бірлігінің кеткені, бодандық қамытын киген халықтың ауыр халі бейнеленеді. Сондықтан да Дулат поэзиясы – ұлт мұңын жырлаған поэзия.

Ғалым Дулат шығармашылығын «Зар заман» әдебиетімен байланыстыра отырып, оны отаршылдыққа қарсы рухани қарсылықтың көрінісі ретінде бағалайды. Кенесары хан

бастаған қарулы күреспен қатар, Дулат, Мұрат, Шортанбай сынды ақындар идеологиялық майданда күрес жүргізді.

Дулат Бабатайұлы мен Кенесары ханның тікелей байланысы жөнінде нақты тарихи құжаттар сақталмаған. Алайда зерттеушінің пайымдауынша, бодандыққа қарсы көзқарастағы ақынның Кенесары қозғалысына тілектес болуы заңды құбылыс. Кенесары қарулы күрес жүргізсе, Дулат сөз құдіреті арқылы халық санасын оятуға күш салды.

Дулат Бабатайұлы – қазақ әдебиеті тарихындағы ірі тұлғалардың бірі. Ол өз дәуірінің шындығын бүкпесіз жырлап, ұлттық тұтастық идеясын көтерді. Бүгінгі тәуелсіздік тұрғысынан қарағанда, ақын мұрасы жаңаша бағалауды қажет етеді. Оның поэзиясы – тарихи кезеңнің айнасы әрі ұлт рухының көрінісі.

Дулат Бабатайұлы – қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуында ерекше орын алатын тұлға. Ол ауыз әдебиеті мен жазба поэзия арасындағы алтын көпір болды. Ақынның тілі бай, бейнелі, ойы терең. Оның поэзиясы кейінгі ақындарға, соның ішінде Абайға да әсер етті деп айтуға негіз бар.

Дулат шығармалары – XIX ғасырдағы қазақ халқының әлеуметтік, рухани, тарихи жағдайын танытатын аса құнды дерек көзі. Сондықтан да оның мұрасы қазақ әдебиетінің алтын қорынан берік орын алады.

Қорытындылай келе, Дулат Бабатайұлы поэзиясы – қазақ халқының отарлық кезеңдегі рухани трагедиясын терең бейнелеген көркем мұра. Ақын заман мен тағдыр мәселесін жеке тақырып ретінде емес, ұлттық деңгейдегі күрделі проблема ретінде көтерді. Оның шығармаларындағы әлеуметтік сын, философиялық ой, ұлттық рух бүгінгі күн үшін де маңызын жойған жоқ.

Дулат мұрасын зерттеу – өткенді тану ғана емес, ұлттық сананы жаңғырту, тәуелсіздік құндылығын терең түсіну жолы. Сондықтан ақын шығармалары жас ұрпақты отансүйгіштікке, әділеттілікке, ел тағдырына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. “Азат” республикалық қоғамдық-саяси апталық, 29 (37), 23 шілде 2003 жыл.
2. Мырахметов М. Отаршылық дәуірдегі әдебиет // Жұлдыз. — 1993. — №7. — 89 б.
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. — Алматы, 1991. — 192 б.
4. Бес ғасыр жырлайды. — 2 том. — Алматы: Жазушы, 1989. 1-т. — 279 б.
5. Дулат Бабатайұлы. Төлеаулар // Қазақ тарихы. — 1993. — №1. — 56 б.
6. Назарбаев Н. Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы. Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін // Егемен Қазақстан. — 2004. — 20 наурыз.
7. Мұқанов С. Қазақтың XVIII-XIX ғасырлары әдебиетінің тарихынан очерктер. —

Алматы, 1942.

8. Омарұлы Б. Бөгдеға бағынбаған жырлар. — Алматы, 1998.
9. Сүйіншеліев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. — Алматы, 1997.
10. Дулат өлеңдері. (Қолжазба). Папка 1822.
11. Мәдібай К., Жүністегі К. Шортанбай. — Алматы, 1993.
12. Бабатайұлы Д. Замана сазы. — Алматы, 1991.
13. Мәдібай К. Зар заман ағымы. — Алматы, 1997
14. <https://e-history.kz/kz/authors?id=null>

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.